



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)

ББК 66.4 (0)

С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан

Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия

Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

2. Закон от 13 декабря 1997 года № 204. О миграции населения// Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет»// http://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z970000204_/13.12.1997;

3. Постановление от 16 сентября 1998 года № 900 О Концепции репатриации этнических казахов на историческую родину// Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет»// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P980000900> ;

4. Указ от 17 ноября 2008 года № 690 О квоте иммиграции оралманов на 2009-2011 годы// Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет»// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U080000690> ;

5. Указ от 28 августа 2007 года № 399 О Концепции миграционной политики Республики Казахстан на 2017-2025 годы// Информационно-правовая система нормативно-правовых актов Республики Казахстан «Әділет»// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U070000399> ;

Summary

Migration processes in the Republic of Kazakhstan developed under the influence of many socio-economic, political, ethnic, environmental and other factors. The article indicates the historical development of the migration processes of independent Kazakhstan. Migration ensures the connection of geographically distributed (across continents, countries, regions within countries) natural resources and means of production with labor, helps to meet the needs of the population in obtaining work, housing, livelihood, social and professional mobility, changing social status, and other characteristics of life. population status and so on.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЗАҢНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тлеубаева Ж.П.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы**

jadi-14@mail.ru

Annotation. The most important goal of modernizing the pension system at the present stage is to ensure the safety and growth of citizens' pension savings. The article reveals the importance and necessity of pension reform in country, showing all reforms of the pension system, increases in the pension age, the problems of passing the pension reform in Kazakhstan are considered.

Key words: pension system, reform, government provision, government policy

Зейнетақы жүйесі ел үшін әлеуметтік жүйе ретінде, сондай-ақ экономикалық салада өте маңызды. Зейнетақы реформасының қажеттілігі әдетте экономикалық және демографиялық факторларға байланысты. Мемлекеттің зейнетақылық міндеттемелерін қамтамасыз етуде экономикалық факторлар мемлекеттік қорға қауіп төндірсе, демографиялық факторлар жұмыс істейтін халықтың зейнетақы жүктемесін арттырады.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі бірнеше реформалық кезеңді өткізді. Оларға қабылданған нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар зейнетақы жөніндегі қор құру мәселелерін жатқызамыз. Бұл реформаларда зейнетақыларды тағайындау және төлеу тәртібі елеулі түрде өзгеріп отырды. Нақты қабылданған заңнамалық құжаттарды 1-кестеден көруге болады.


«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

№	Заң атауы	Қабылданған мерзімі	Құжат номері	Өзектілігі
1	Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы	1991 жыл 17 маусым	№ 675-XII	Күшін жойған
2	Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы	1997 жыл 20 маусым	N 136	Күшін жойған
3	Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы	2013 жыл 21 маусым	№ 105-V	Заңдық күші бар

1-кесте. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы қабылданған заңдары

Әр заңның өзіне тән жалпы ережелері мен мақсаттары бар. Бірінші қабылданған заңда 1996 жылғы 1 шілдеден бастап 2001 жылғы 1 шілдеге дейін көрсетілген жасына байланысты зейнеткерлік демалысқа мерзімінен бұрын шығуға құқығы бар адамдардың зейнеткерлік жасы жыл сайын 6 айға өсіп отырады. Сонымен қатар, аталған заңда Қазақ ССР-інің құрамында жұмыс істеген адамдарға тағайындалатын зейнетақы туралы айтылған. Қазақ ССР-і уақытында қабылданған заңнамалық актілерге сілтеме жасалып, жүгінеді. Қол қойған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев болатын [1].

Әрине реформа бірнеше этаптардан өтуі тиіс. Ұзақ уақытты талап ететін мемлекеттік деңгейдегі реформалар жан-жақты өзгерістер мен толықтыруларды талап етеді. Келесі реформа қалай жүрді? Оның жүргізілген тарихын 1-суреттен көруімізге болады.



1-сурет. 1997 жылы қабылданған заңның даму тарихы

1997 жылғы қабылданған заңның ең бірінші ерекшелігі "азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету" деген заң атауындағы сөздер "зейнетақымен қамсыздандыру" деген сөздермен ауыстырылған. Әрине көптеген өзгерістер енгізілгенін де көруге болады.

Бұл заң зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік толыққанды жүйесінен – белгіленген міндетті жарналармен және ерікті қосымша жарналармен байланысты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне біртіндеп өтуді бекітті. Ер адамдарға 63, әйел адамдарына 58 жас тағайындалғанын осы заңда белгіленген [2].

Уақыты	Еркектерге	Әйелдерге
---------------	-------------------	------------------

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы


1998 жылғы 1 қаңтардан бастап	61 жасқа толғанда	56 жасқа толғанда
1998 жылғы 1 шілдеден бастап	61,5 жасқа толғанда	56,5 жасқа толғанда
1999 жылғы 1 шілдеден бастап	62 жасқа толғанда	57 жасқа толғанда
2000 жылғы 1 шілдеден бастап	62,5 жасқа толғанда	57,5 жасқа толғанда
2001 жылғы 1 шілдеден бастап	63 жасқа толғанда	58 жасқа толғанда

2-кесте. Жасына байланысты зейнетақы тағайындау туралы

Қазақстан 1998 жылы 1 қаңтардан бастап зейнетақымен қамсыздандырудың бұрынғы ынтымақтық жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшті. Бұл орайда ынтымақтық жүйе де сақталды [2].

Ынтымақтық жүйе бұрынғы зейнеткерлерді зейнетақымен қамсыздандырады және келешекте ынтымақтық жүйеде жұмыс стажын толық өткерген, бірақ жинақтаушы жүйеде зейнетақы алуға жеткілікті ақша жинауға мүмкіндігі болмаған адамдарды зейнетақымен қамсыздандырады.

Аталған заңға көптеген нормативтік құқықтық актілермен өзгерістер енгізіліп келді. Оның тікелей қатыстыларын 2-суретте көрсеттім.




2-сурет. 1997 жылғы Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы N 136 заңының күші Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңымен жойылды.

Осы күнге дейін заңнамалық күші бар зейнетақы туралы заң Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы болып саналады. Алайда бұл заңға да көптеген нормативтік құқықтық актілермен өзгерістер енгізілген. Солардың тікелей қатысы бар заңдар 3-суретте көрсетілген [4].



3-сурет. ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҚР 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

Бұдан да басқа аз мөлшерде өзгерістер енгізілген заңнамалық актілер кездеседі. Олар Ұлттық банктің, экономика министрілігінің құзіретіндегі заңнамалық актілер болғандықтан, сол нормативтік құқықтық актіге енетін өзгерістер қатарында.

Бұл реформадан ең басты көретініміз зейнет жасының өзгеруі. Ол келесі кестеде көрсетілген. Яғни аталған заңның Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы 11-бабында жазылған мәліметтер кесте түрінде 3-кестеде көрсетілді [4].

Уақыты	Ерлерге	Әйелдерге
2001 жылғы 1 шілдеден бастап	63 жасқа толғанда	58 жасқа толғанда
2018 жылғы 1 қаңтардан бастап		58,5 жасқа толғанда
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап		59 жасқа толғанда
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап		59,5 жасқа толғанда
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап		60 жасқа толғанда
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап		60,5 жасқа толғанда
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап		61 жасқа толғанда
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап		61,5 жасқа толғанда
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап		62 жасқа толғанда
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап		62,5 жасқа толғанда
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап		63 жасқа толғанда

3-кесте. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау

Қорытындылай келе аталған реформалардың нәтижесін қарастыратын болсақ, 1998 жылы басталған Қазақстанның зейнетақы жүйесін түбегейлі реформалаудың нәтижесінде:

- 1) зейнетақы жүйесін реттеудің заңнамалық базасы қалыптастырылды;
- 2) базалық, міндетті (ортақ және жинақтаушы) және ерікті деңгейлерде зейнетақымен қамсыздандырудың көпдеңгейлі жүйесі құрылды және жұмыс істеп келеді;
- 3) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік енгізілді;
- 4) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің институционалдық базасын дамыту және тиімділігін арттыру мақсатында 2013 жылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - БЖЗҚ) құрылды. 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша онда салымшылардың міндетті зейнетақы жарналары бойынша 9,6 млн. жеке зейнетақы шоттарында 3,9 трлн. теңге зейнетақы активтері шоғырландырылған;
- 5) еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын адамдарды зейнетақымен қамсыздандырудың кәсіптік схемасы қалыптастырылды;
- 6) зейнетақы бағдарламасын қаржыландыру тұрақты ұлғайтылуда және зейнетақы төлемдерінің мөлшері арттырылуда. 1998 - 2013 жылдар аралығында осы мақсаттарға жұмсалған шығыстар 10,6 есе, базалық зейнетақы төлемін ескергенде орташа зейнетақы мөлшері 11,8 есе ұлғайды (3 964 теңгеден 46 661 теңгеге дейін) [3].

Дамудың оң үрдістеріне қарамастан, зейнетақы жүйесінің қолданыстағы параметрлері сақталғанда, алмастыру коэффициенті төмендейді деп күтіледі, ол:

- 1) халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесінің (ЖЗЖ) көрсетілетін қызметтерімен қамтылуын тарылтатын бейресми еңбек қатынастарының және экономикадағы көлеңкелі сектордың орын алуына;
- 2) қызметкерлердің жекелеген, әсіресе ауыл шаруашылығы секторында өзін-өзі жұмыспен қамтыған санаттарының еңбекақысы деңгейінің төмендігіне;
- 3) зейнетақы активтерінің есебінен инвестицияларды тиімді жүзеге асыру үшін отандық қор нарығы өтімділігінің жеткіліксіздігіне;
- 4) соңғы 20 жылда жалақының нақты өсу қарқыны мен еңбек өнімділігінің өсу қарқынының арасындағы айырмаға;
- 5) инфляцияның салыстырмалы жоғары деңгейінің сақталуына байланысты [3].

Нәтижені әрі қарай жетілдіру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы 841 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілгенін де атап өткен жөн болады.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жаңғыртудың қажеттігі:

- 1) ортақ зейнетақы мөлшерінің азаюынан және зейнетақы төлем көздерін одан әрі әртараптандыру қажеттігінен;
- 2) ұзақ мерзімді демографиялық трендтерден және экономикалық даму циклінен;
- 3) зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекеттің, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында бөлуді одан әрі оңтайландыру қажеттігінен туындап отыр.

Тұжырымдама мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру саясатының 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтарын, сондай-ақ оны іске асыру тетіктерін айқындайды және Қазақстан Республикасындағы зейнетақы өзгерістерін іске асыру тәжірибесі мен зейнетақы жүйесін дамытудың әлемдік үрдістерін бағалауға негізделеді [5].

Зейнетақы мөлшерінің қоғамдағы өзгерістерді ескере өсіп отыруы халықтың әл-ауқатының артуына тиімді жағдай туғызғанын аңғартады. Осыны байқаған шетел мамандары Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметін жоғары бағалаған. Сондықтан еліміздегі зейнетақы жүйесі реформасы елдегі жағдайды ескере отырып жүзеге асып отыр дегуге толық негіз бар.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Қорытындылай келе, жаңа зейнетақы реформасының жақсы жақтары да, кемшіліктері де бар екенін атап өткім келеді. Үкімет зейнет жасын ұлғайтудың артықшылығын білікті кадрларды сақтау және бюджетті қысқарту деп айқындайды. Кемшіліктердің ішінен егде жастағы адамдардың жаңа технологиялармен, заманауи құралдармен еңбек қызметін жүзеге асыру қиынға соғады, сонымен қатар денсаулығындағы мәселелердің көбеюі, жұмыс жасау қарқынын да атап өткен жөн. Ең бастысы жас ұлғайту шешімі белгілі бір аймақтарға, яғни жас мамандардың мансаптық көтерілу коэффициентіне әсер етуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 17 маусымдағы № 675-ХІІ Заңы.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 137 Заңы
3. <https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/45e/45e60889567797fd201eccc87d499e38.pdf>
4. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы (2020.07.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Қазақстан Республикасының Заңы 2013 жылдың 21 маусым/
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы 841 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Summary

The increase in the amount of pensions in response to changes in society means that it has created favorable conditions for increasing the welfare of the population. Noticing this, foreign experts praised the work of Kazakhstan's accumulative pension system. Therefore, there is every reason to believe that the reform of the pension system in the country is carried out taking into account the situation in the country.

**ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ**

Тұрар Дәрия Қайратқызы
dariyavey18@mail.ru

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану мамандығының 4-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Қаленова Т.С.**

Кез келген қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіз өмір сүруіне мемлекеттің ұстанған саясаты, бағыты жауапты. Бұл мәселе әсіресе көпұлтты, көпконфессиялы елдерде саяси элитаның ұлтаралық, дінаралық мәселелер бойынша ұсынатын бағыттарында өзекті болып табылады. Яғни қоғамның жан-жақты дамуын, бір мемлекет астындағы ұлттардың бірігуін, олардың бейбітшілік пен ынтымақтастықта тұруын қамтамасыз ету – саяси элитаның міндеті. Қазіргі таңда заманауи Қазақстанда тұратын ұлттардың болашағы қандай, оларды не біріктіреді, ұлттық бірегейлігі немен анықталады, ұлтаралық қарым-қатынастың жағдайы қандай, елімізде тұратын басқа ұлт өкілдері өздерін «Қазақстандықпын» деп санап, Қазақстанмен идентификациялайды ма деген заңды сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтардың жауабын осы мақалада қарастыратын боламыз.

Қоғам ішіндегі этникалық, діни топтардың тату, ынтымақтастықта тұруы – мемлекет тұрақтылығының кепілі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдан бастап дамудың өзіндік моделін қалыптастыра бастады. Жаңа құрылған мемлекет үшін өмірдің барлық